

Абай ат. Қаз ҰПУ жанындағы
диссертациялық кеңес туралы
Ережеге 4-қосымша

**8D02314 – «Лингвистика» мамандығы бойынша (PhD) филология докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің
репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, филология ғылымдарының
докторы, профессор Нурдаулетова Бибайша Ильясовнаның
ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыс төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған. 1) Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 998 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларымен (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы) өзара сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, лингвофилософия бағыттарына және лингвистика ғылымына елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыста когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвофилософия және тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің

			<p>репрезентациялануы салғастырмалы аспектіде зерттеу әдістерін ары қарай жетілдірудің теориялық және практикалық маңыздылығы толық ашылған.</p> <p>Тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілері бұрын сонды зерттеу нысанына алынбаған тың тақырып.</p> <p>Диссертант «қарыз бен парыз» концептілерінің адами моральдық (субъективтік және объективтік міндеттеме негізінде) мәнін, суггестиялық ерекшелігін көрсетіп, оларға тән шарттылықты дәйектейді (2.1 тарауша); тілдік және діни мәтіндердегі «қарыз бен парыз» концептілерінің семантикалық компоненттерін анықтап, оларды салғастыра отырып тіл мен дінге ортақ модельдерін көрсетеді (2.2 тарауша); «қарыз бен парыз» концептілерінің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық компоненттеріндегі семаларды анықтап, оларды жіктейді (2.3 тарауша); «қарыз бен парыз» концептілерінің лексика-семантикалық топтарының өзіндік семантикалық ерекшеліктерін айқындап береді (3 тарау). Диссертацияның құрылымдық желісі жүйелі және ұсынылған тұжырымдар ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді. Ғылыми жұмыс жоғары дәрежеде орындалған, практикалық тұрғыдан да өзекті мәселеге негізделген.</p> <p>Диссертацияда ұсынылған тіл мен дін контексінде концептіні салғастырмалы зерттеу үлгісін басқа да концептілерді тіл мен дін аясында зерттеуде қолдануға болады.</p>
3.	Өзі жазу принципін	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары, жазу қағидағтары мен стилін меңгерген, өзіндік сыни пікірі бар. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып, ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың қорғауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделенген және жарияланған жұмыстарының нәтижесі болып табылады (7-8 бб). Ғылыми</p>

			<p>нәтижелерге қол жеткізуде докторант зерттеу нысанына сәйкес материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдау жасаған. Жұмыстың теориялық бөлігі бірінші тарауда қарастырылса, практикалық бөлімін екі тарауға бөліп, екінші тарау – тіл мен дін контекстіне салғастырмалы талдауға, үшінші тарау таза тілдік материалдар негізінде зерттеуге арналған.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі ғылыми тұрғыдан негізделген (4-5 бб.). Диссертациялық жұмыста тілдік және діни мәтіндердегі «қарыз бен парыз» ұғымдары өзара салғастырылып, лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттелген. Антропоөзектік парадигма аясында тіл мен дін контекстіндегі ұлттық мәдени кодты ашудың (декодтаудың) негізгі құралы ретінде «қарыз бен парыз» концептілерін діни этноаксиологиялық, этномаркерлі лингвомәдениеттанымдық бірліктер ретінде зерттеу қазіргі тілтаным ғылымындағы өзекті мәселе болып табылады. Жұмыста «Қарыз бен Парыз» концептілерінің адами-моральдық мәні, ұлттық және діни негіздері, психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдері жан-жақты талданған, поэтикалық мәтіндерде вербалдану сипаты дәйектелген.</p>
	4.2	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындалды; 2) жартылай айқындалды; 3) айқындалмайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жасалған (7-8 бб.). Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да тіл мен дін контекстіндегі «қарыз бен парыз» концептісін анықтауға, «қарыз бен парыз» ұғымдарын және оған тән ерекшеліктерді көрсетуге бағытталған.</p>
	4.3	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді;</p>	<p>Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7 б.). Диссертант зерттеу</p>

	3) сәйкес келмейді	жұмысының негізгі мақсатында көрсеткендей, тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің мазмұнын, олардың құрылымын, антропоцентризм парадигма аясындағы тілдік репрезентациясын лингвистикалық аспектіде талдап, «қарыз бен парыз» концептілерінің тіл мен дін кеңістігіндегі концептуалдық мазмұнын анықтаған.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ		Диссертациялық жұмыс құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Докторлық диссертация – мазмұны мен тараушалар арасы өзара тығыз сабақтастықта жазылған жүйелі ғылыми жұмыс. Барлық бөлімдері арасында ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген.
4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағида, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген		Жұмыста диссертант өз пікірін білдіріп, қарастырып отырған тілдік материалдарға сыни көзқарас тұрғысынан талдау жасайды. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсынылған диссертанттың қорытындылары мен шешімдері тиянақталған. Тіл мен дін бірлігі теориялық тұрғыдан кеңінен қарастырылып, «қарыз бен парыз» концептілерін талдау арқылы практикалық негізде салғастырылуы ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан алғаш рет қарастырылған.
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағида, әдістер жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағида, әдістерін жаңа ғылыми ізденіс барысында туған тың тұжырымдар деп тануға болады. Себебі, диссертациялық деңгейде тіл мен дін сабақтастығы лингвофилософиялық, этнолингвистикалық, лингвоаксологиялық, теоллингвистикалық бағытта алғаш рет қаралып, «қарыз бен парыз» концептілерінің тіл мен діндегі ерекшеліктері анықталып, олар ортақ құндылықтары негізінде топтастырылған (2 тарау). Зерттеудің ұстанымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басшыларда барлығы 5 ғылыми

		<p>мақалада, оның ішінде: Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, шетелдік халықаралық конференция жинағында 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің бекіткен тізіміне енетін журналдарда 3 мақала жарияланғанымен расталады.</p> <p>Зерттеуге алынған қорытындылар жартылай жаңа деп санаймыз. Себебі,</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Тіл мен дін бірлестігі мәселесі этнолингвистика саласында қаралғанымен, ғалам бейнесіндегі тіл мен діннің аксиологиялық мәні, діндегі тіл туралы ақпараттардың берілуін (1.3 тарауша) кешенді зерттеген алғашқы диссертация болып табылады. «Қарыз бен парыз» концептілерін ғаламның діни бейнесіндегі тілдік көрсеткіші ретінде зерттеуі толыққанды ғылыми жаңалық болып табылады. 2) «Қарыз бен парыз» лексемаларының семантикасына зерттеу жүргізіліп, бұл лексемалардың тілдік және діни мағыналарындағы ерекшеліктері қарастырылады, әрі қазақ тіліндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің қолданылу ерекшеліктерімен салғастырады. Бұл толық жаңа болып табылады (2.1 тарауша). 3) Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі «қарыз бен парыз» ұғымдарының діни түсініктермен сабақтастығы, өзіндік этникалық ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымдағы ерекшеліктері көрсетіледі (2.2 тарауша). Бұл толықтай жаңа болып табылады, себебі осыған дейін қарастырылған материалдар негізіне сүйене зерттелген. 4) «Қарыз бен парыз» концептілерінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалып, қазақ халқының «ғалам бейнесіне» деген көзқарастары, тілдік және поэтикалық мәтіндердегі семантикалық, мәдени-танымдық, суггестиялық сипаттары айқындалды (3 тарау). «Қарыз бен
--	--	---

			<p>парыз» концептісі арнайы осы уақытқа дейін зерттелмеген объекті болған себепті диссертацияның зерттеу нысаны тын болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылған техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан негізделген.</p> <p>Тіл мен дін сабақтастығындағы «қарыз бен парыз» концептілерінің адами-моральдық (субъективтік және объективтік міндеттеме негізінде) мәнін, суггестиялық ерекшелігін көрсетіп, оларға тән шарттылық (2.1 тарауша); тілдік және діни мәтіндердегі «қарыз бен парыз» концептілерінің семантикалық компоненттері, оларды салғастырғандағы тіл мен дінге ортақ модельдер (2.2 тарауша); «қарыз бен парыз» концептілерінің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық компоненттерінің жіктелуі (2.3 тарауша); «қарыз бен парыз» концептілерінің лексика-семантикалық топтарының өзіндік семантикалық ерекшеліктері (3 тарау) жұмыстың басты жаңалығы болып табылады.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>		
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылар, негізгі тұжырымдар мен пайымдаулар ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <p>Тілдік және діни мәтіндерден алынған «қарыз бен парыз» ұғымдары салғастырылып, кең көлемде талданған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар:</p> <p>1. «Тіл мен дін контекстіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің адами моральдық мәні субъективтік және объективтік міндеттеме (экстриверттік және интриверттік категориялар) ретінде көрініс тауып, «қарыз бен парыз» – семантикалық тұрғыда бір-бірінен мағыналық реңкі мен қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктерімен адам санасында сан алуан түрлі когнитивтік белгілерден тұратын</p>

<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>сүтестиялық синаптағы шарттылық мәнді моральдық құндылыққа не бірлік болып табылады» деген тұжырым (2.1 тараушада) отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, философиялық сөздіктер, теоллингвистика саласында зерттелген материалдарға сүйеніп, докторанттың «қарыз бен парыз» концептілерін талдау барысында жасалған тұжырымы болып табылады. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде скопус базасына шыққан мақаласымен дәлелденген. Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43.</p> <p>2. «Қарыз бен парыз» концептілерінің рухани құндылығы этностың тұрмыстық дүниетанымында «азаматтық міндет», «мойындағы борыш/міндет», «жазылмаған заңдылық», «ар-ұяттың мазалауы», «абырой», «алами жауапкершілік» т.б. фреймдер негізінде, діни дүниетанымда «Құдайдың разылығы», «Алланың қалауы», «шариғат заңдылығы», «діни міндет» т.б. фреймдері негізінде көрінеді, этностың діни танымы ділдік болмысымен сабақтасатындығын, лингвокогнитивтік бірлік екендігін көрсетеді» (2-3 тарауда) деген тұжырымы концептілік талдауға сүйене отырып анықталған. Тривиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген. Діни ұғым-түсініктердің тілдік сипаттамасы // Ш. Уалиханов атындағы ҚМУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – №4 (1). Б. 84-91.</p> <p>3. «Қарыз бен парыз» концептісінің лексика-семантикалық мазмұнындағы «міндет», «борыш», «несие», «алу/беру» етістігінен құралған тілдік бірліктерінен: «борыш» лексемасының семантикасы «қарыз бен парыз» концептісіне тең дәрежеде жұмсалатыны, «міндет» лексемасы «парыз» концептісінің құрамына, ал «несие» мен «алу/беру» етістіктерінен құралған тілдік бірліктер «қарыз»</p>
---	--

			<p>концептісінің құрамдық бөлігіне енетіні зерделеніп, олардың мағыналық мазмұнындағы дифференциациялық ерекшеліктері айқындалады» деген тұжырым (3.1 тараушада) концептілік талдау барысында дәлелденген. Тривиалды емес. Жана. Қолданыс аясы кең. Мақаламен дәйектелген. Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43.</p> <p>4. «Қарыз бен парыз» концептілері поэтикалық мәтіндерде этнолингвистикалық, лингвомәдени, аксиологиялық, когнитивтік тұрғыдан вербалданып, олардың семантикалық, когнитивтік сипатынан адами моральдық негіздегі бинарлық (қарыздың парызға, парыздың қарызға ұласуы) жұптарды, ал материалдық-заттық кеңістікте өзіндік (опозициялық) ерекшеліктері бар рухани мәні басым концептілерді көруге болады» деген тұжырым (3.2-3.3 тараушаларда) талдау барысында дәлелденді. Тривиалды емес. Жана. Қолданыс аясы кең. Мақаламен дәйектелген. Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия ; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. 1) ия ; 2) жоқ	Әдістеменің талдауы – негізделген. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сай жаппай іріктеу, талдау, жіктеу, сипаттамалы, концептілік талдау әдістері пайдаланылған, салғастырылады, баяндалады, интерпретацияланады. Диссертация жұмысының нәтижелері фразеологизмдерге жаңа үлгіде семантикалық талдау жасау FrameNet корпусында жүзеге асқан. FrameNet корпусы семантикалық талдаудың әлем бойынша алдыңғы легінде. Қазіргі уақытта әлемнің барлық дамыған тілдері корпустық лингвистикада FrameNet жобасы аясында кеңінен зерттелуі қазақ тілінде алғаш рет орын алады. Нәтижелері жұмыстың 100-102 бб. көрсетілді.

<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға негізделе отырып талдау жасалса, FrameNet корпусы семантикалық және концептілік талдауымен алғаш рет дәйектелген. Сонымен қатар, докторант алынған нәтижелерді өндірісте қолдану мақсатында ұлттық мәдени салада оқитын студенттерге дәріс жүргізіп, жұмыс нәтижесінің дұрыстығын дәлелдеген.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәліметтер нақты және сенімді.</p> <p>Теориялық және әдіснамалық негізіне тіл мен дін философиясы бойынша К.Маркс, Ф.Энгельс, С.Н.Трубецкой, А.Р.Лурия, А.А.Леонтьев, Я.Гримм, E.Sapir, Ж.Уэйто, В.Гумбольдт, Г.В.Колшанский, Ю.Н.Караулов, Н.Б.Мечковская, К.Армстронг және отандық ғалымдар А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, Ә.Кайдар, Е.Жанпейісов, Ж.А.Манкеева, Ә.Ахметов, Т.Ғабитов, Д.Кішібеков, Н.Уәли, Ғ.Есім, Ж.Мүтәліпов, Т.Қордабаев, А.Құлсариева, Қ.Уәли, К.Аханов, Ғ.Қалиев, Г.Сағидолла, Ш.Бекмағамбетов, Е.М.Абақан, М.Бұлғатай, Б.Сүйерқұл, Ж.К.Киынова, Б.С.Жумағұлова, Ж.Қ.Мадалиева, Б.Ақбердиева, Қ.Жаманбаева, Қ.Ғабитханұлы, А.Ахметов, А.Б.Әмірбекова, С.А.Жиренов, Д.Өтеков, т.б. сынды зерттеушілердің ғылыми-теориялық көзқарастарын басшылыққа алады. Сондай-ақ, тіл мен дін контексінде мәтін талдау жұмыстары мен әдіснамалық негізі ретінде Б.М.Сағындықұлы, Н.С.Анарбаев, Ы.М.Палтөре, Б.І.Нұрдуллетова, Б.Сүйерқұл, Қ.Ғабитханұлы, А.Б.Әмірбекова т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынып, сілтемелері арқылы расталған.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер саны 172. Ғылыми-зерттеу жұмысты рәсімдеуге арналған талаптарға сай, барлығына сілтеме жасалған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті.</p>

9	<p>Практикалық құндылық принципін</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жана; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ғылыми-зерттеу жұмысы барысындағы теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар тіл философиясы мен дін философиясы теориясы, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, лингвоаксиология, теоллингвистика салаларындағы зерттеулерге өзіндік үлес қосады.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Диссертацияның негізгі нәтижелері мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында оқытылатын этнолингвистика, лингвоәдениеттану, лингвоаксиология, когнитивтік лингвистика, теоллингвистика, мифоллингвистика, дінтануға кіріспе, дін тарихы сынды пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға, сонымен қатар теориялық әрі практикалық және семинар сабақтарында пайдалануға болады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Өйткені, тіл мен дін контекстіндегі «қарыз бен парыз» концептілері алғаш рет зерттеліп отыр.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысының өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылған талаптарға сәйкес келеді, ғылыми жұмысты аяқталған деп бағалауға болады.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде, ғылыми стилі қалыптасқан, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған.</p> <p>З.Б.Кульманованың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.</p> <p>Тіл мен дін контекстіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің адами-моральдық мәні, діни және ұлттық тығыз бірлігі дәйектеліп, этнолингвистикалық ерекшеліктері анықталған.</p>

		<p>Диссертациялық жұмыс докторанттың жоғары кәсіби біліктілігін көрсетеді.</p> <p>Сонымен докторант Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, дербес орындалған, ғылыми мазмұны жоғары жұмыс ретінде саналады. Ғылыми жұмыстың маңыздылығы бойынша қол жеткізген нәтижелері ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру» ережелерінің талаптарына сәйкес орындалғандықтан, 8D02314 – «Лингвистика» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.</p>
--	--	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның 8D02314 – «Лингвистика» мамандығы бойынша жазылған «Тіл мен дін контексіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, ол философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Ш.Есенов атындағы

Қаспий технологиялар мен инжиниринг университеті,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Б.И. Нурдаулетова

